

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне субсидиялар, өтем және демпингке қарсы шаралар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 296 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне субсидиялар, өтем және демпингке қарсы шаралар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне субсидиялар, өтем және демпингке қарсы шаралар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Демпингке қарсы шаралар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 19, 654-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "қалыпты бағасынан", "қалыпты баға", "қалыпты бағасын", "қалыпты бағаны", "қалыпты бағасы", "қалыпты бағасының", "қалыпты бағасына" деген сөздер "қалыпты құнынан", "қалыпты құн", "қалыпты құнын", "қалыпты құнды", "қалыпты құны", "қалыпты құнының", "қалыпты құнына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

11) тармақша "тауарды" деген сөзден кейін "экспорттаушы елде тұтыну кезінде осыған ұқсас тауарға белгіленетін" деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақшадағы "(елу проценттен артық)" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 8 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Демпингке қарсы істі қарау рәсімін бастау туралы шешімді қабылдау мақсатында және дәлелдемелердің жеткіліктілігін айқындау үшін уәкілетті орган өтініште ұсынылған мәліметтердің шынайылығы мен дәлдігін зерделейді.";

4-тармақтағы "елу проценттен астамы" деген сөздер "көбірек бөлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 10-баптың 1) тармақшасындағы "бес" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын ;

5) 12-бап мынадай мазмұндағы 3-1 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Егер уәкілетті орган осы баптың 3-тармағына сәйкес жеке мүдделі тұлғаға демпингке қарсы істің басталғаны туралы хабарлама жіберсе, онда ол бұл хабарламаға осы Заңның 1-бабының 7) тармақшасында көрсетілген өзге мүдделі тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз етуі тиіс.";

"5. Уәкілетті орган алған дәлелдемелер осы Заңның құпия ақпаратқа қойылатын талаптарын ескере отырып, демпингке қарсы істі қарауға қатысатын барлық мүдделі тұлғаларға ұсынылады .

Көрсетілген ақпаратты беру мүмкін болмаған кезде уәкілетті орган барлық мүдделі тұлғаларға олар осы ақпарат негізінде дәлелді дайындауы үшін демпингке қарсы істі қарауда уәкілетті орган пайдаланатын барлық құпия емес ақпаратпен танысуға мүмкіндік береді.";

6) 24-баптағы "тоғыз айдан аспауы керек" деген сөздер "тізбесін уәкілетті орган айқындайтын айрықша жағдайларды қоспағанда, бір жыл ішінде бірақ он сегіз айдан кешіктірмей аяқталады" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 25-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде "орган" деген сөзден кейін "үш күн ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 30 - б а п т а :

1-тармақ "ресми органдарына" деген сөздерден кейін "демпингтің және оларға материалдық залал келтірудің немесе оны келтіру қаупінің болуы туралы алдын ала айқындаудың негіздемелері мен фактілерге және құқықтық нормаларға сілтемелері бар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы Заңның құпия ақпаратқа қойылатын талабын ескере отырып, демпингке қарсы уақытша шараларды енгізу туралы хабарлама мыналарды қамтиды: жеткізушілердің атауын не, егер іс жүзінде бұл мүмкін болмаса, тиісті жеткізуші елдерді ;

кеден мақсаттары үшін жеткілікті тауардың сипаттамасын;

белгіленген демпингтік айырманы және осы Заңның 3-тарауына сәйкес экспорттық баға мен қалыпты құнды белгілеу және салыстыру үшін пайдаланылған әдіснаманың негіздемесін ;

осы Заңның 4-тарауына сәйкес залалдың болуын белгілеуге қатысты уәкілетті

о р г а н н ы ң

п і к і р і н ;

демпингке қарсы уақытша шараларды қолданудың негізгі дәлелдерін.";

3 - т а р м а қ т а :

"екі ай" деген сөздер "алпыс күн" деген сөздермен ауыстырылсын;

"алты айға дейінгі мерзімге" деген сөздер "төрт айдан аспайтын мерзімге немесе уәкілетті органның шешімі бойынша отандық өндірушілердің өтініштері негізінде алты айдан аспайтын кезеңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тоғыз айға дейін" деген сөздер "тиісінше алты және тоғыз айға" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 3 1 - б а п т а :

2-тармақтың 2) тармақшасындағы "бес" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Демпингке қарсы шаралар енгізу туралы хабарлама ресми басылымдарда жарияланады және осы Заңның құпия ақпаратқа қойылатын талаптарын ескере отырып, демпингке қарсы баждарды енгізу үшін фактілер мен құқықтық нормаларға қатысты істі қарауға жататын барлық ақпаратты, сондай-ақ демпингке қарсы істі қарау барысында жеткізушілер мен мүдделі тұлғалар ұсынған жазбаша дәлелдемелер мен талаптарды қабылдау немесе қабылдамау себептерін қамтиды."

2. "Субсидиялар және өтем шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 732-құжат):

1) 7 - б а п т ы ң 3 - т а р м а ғ ы н д а :

"көзделген жағдайларды" деген сөздер "көзделген жағдайды" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"және осы Заңның 8-бабының 2-тармағында" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 8-бап алынып тасталсын;

3) 9-баптың 2-тармағындағы ", 8" деген сан алынып тасталсын;

4) мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Консультациялар жүргізу

1. Уәкілетті орган өтінішті қабылдағаннан кейін және істі қарау басталғанға дейін тауарлары істі қарау мәні болып табылатын шет мемлекеттерге (шет мемлекеттердің одақтарына) осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша жағдайды нақтылау және келісілген шешімге қол жеткізу үшін онымен консультациялар жүргізу туралы ұсыныс жібереді.

2. Істі қараудың барлық кезеңі ішінде тауарлары істі қарау мәні болып табылатын шет мемлекетке (шет мемлекеттердің одақтарына) нақты жағдайда нақтылау және келісілген шешімге қол жеткізу үшін уәкілетті органмен консультацияларды жалғастыруға мүмкіндік беріледі.

3. Консультациялар жүргізу істі қараудың басталуына, шет мемлекет (шет мемлекеттердің одағы) субсидиялайтын тауар импортының және оларға материалдық залал келтірудің немесе оны келтіру қаупінің болуы туралы алдын ала немесе түпкілікті қорытындылар шығаруға, осы Заңға сәйкес уақытша немесе түпкілікті өтем шараларын қолдануға кедергі жасамауы тиіс.

4. Уәкілетті орган тауарлары істі қарау мәні болып табылатын шет мемлекеттің (шет мемлекеттер одағының) өтініші бойынша істі қарауды бастау немесе өткізу үшін пайдаланылатын құпия емес ақпаратқа қол жеткізуге рұқсат етеді.";

5) 21-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган мүдделі тұлғалардың көрсетілген бір ай мерзімді ұзарту туралы өтінішін назарға алуы қажет және негіздемелер жеткілікті болған кезде мұндай ұзарту ол істі қарау барысында ұсынылуы тиіс."

2-бап. Осы Заң ол ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті